а) Сызбатехника	Пән әртүрлі типті сандық сұлбаларды құру, зерттеу және пайдалану кезінде қажетті автоматтарды, триггерлерді, комбинациялық сұлбаларды логикалық құрудың негізгі принциптері мен әдістерін оқытады, ЭЕМ функционалдық элементтерін құру кезінде қолданылатын схемотехникалық шешімдер әдістерін түсінуді, сандық элементтерді талдау және синтездеу есептерін шешуді қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7	Физика	Микропроцессорлық техника
б) Дискретті математика	Пән ойлауды қалыптастырудың негізгі әдістерін, логикалық функциялар теориясының негізгі түсініктерін, алгоритмдер теориясын, графикалық теорияны, кодтау теориясын зерттейді; бірқатар дискреттік математикадағы негізгі есептерді шешу дағдыларын қалыптастырады, мысалы жиындар теориясы мен қатынастар, графикалық теория, логикалық алгебраның функциялары		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7	Физика	Микропроцессорлық техника
а) Қолданбалы есептерді модельдеу	Пән қолданбалы есептерді математикалық модельдеу принциптерін, жаратылыстану көпритериалды есептерін шешу тәсілдерін, қолданбалы есептердің математикалық модельдерін құру тәсілдерін оқып, шешім қабылдау мақсатында оларды зерттейді; ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелерін қолдана отырып, желілік жүйелерді жобалау дағдысын және модельдеу есептерін шешу үшін қолданбалы бағдарламалық пакеттермен жұмыс істеу тәжірибесін қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика	Параллельді есептеулер

б) Компьютерлік моделдеу негіздері	Пән теориялық білімді, әдістерді, компьютерлік модельдеу технологиясын, ақпараттық жүйелерді зерттеу, жобалау және қолдану, алгоритмдер мен бағдарламаларды жасаудың объектілері мен тәсілдерін; пәндік мәселелерді шешуге арналған олардың практикалық қолданыстарын қалыптастырады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН12	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика	Параллельді есептеулер
а) С++ тілінде бағдарламалау	Пән функционалды мүмкіндіктер, С ++ бағдарламалау тіліндегі НББ-ның жалпы құрылымы мен механизмі туралы білімді қалыптастырады; стандартты модульдер мен қолданушылық процедураларды, бағдарламаларды жөндеу және тестілеу әдістерін қолдана отырып, қосымшаларды әзірлеу тәжірибесін жинақтайды	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері, Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері

<p>б) C# тілінде бағдарламалау</p>	<p>Бұл пән C# жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінің функционалды мүмкіндіктерін және Net Framework кітапханаларын оқытады; кәсіби қызметтің есептері мен міндеттерін шешуде заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып C# ортасында бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады.</p>		<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10</p>	<p>Ақпараттық-коммуникациялы қ технологиялар, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау</p>	<p>Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері, Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері</p>
<p>а) Python 3 бағдарламалау тілі</p>	<p>Пәннің мақсаты Python 3 бағдарламалау тілінің заманауи синтаксисін, IDLE ортасының функционалдығын зерттеу болып табылады; Python 3-те тапсырмаларды шешуде заманауи бағдарламалау әдістерін қолдана отырып, бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады</p>	<p>5</p>	<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН12</p>	<p>C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау</p>	<p>Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері</p>

б) Swift тілінің негіздері	Пән Swift тілінің синтаксисін үйретеді, Mac OS және iOS операциялық жүйелеріне арналған бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады; Swift тілінде бағдарламалаудың практикалық тәжірибесін қалыптастырады және мобильді бағдарламалау саласында жаңа бағытты дамытады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН9, ОН10	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері
а) Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау	Пән Java-дағы НББ негізгі парадигмалары, инкапсуляция, полиморфизм және мұрагерлік механизмдері туралы білімді; алгоритмдер жазу және бағдарламалар құру, Java-да НББ механизмін қолдану арқылы әртүрлі мәселелерді шешу арқылы құрылымдық және объектілік-бағытталған бағдарламалау теориясын шоғырландыру дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, Mac OS үшін X-Code ортасында бағдарламалау



б) .Net Framework платформасында бағдарламалау	Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің объектілі-бағытталған бағдарламалау бойынша іргелі білім алу, Microsoft Visual Studio бағдарламалау ортасының құрамы мен құрылымын оқып үйрену және оны кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында пайдалану болып табылады; визуалды бағдарламалау тілдерінің көмегімен Windows-формаларды жасаудың әдістері мен тәсілдерін үйретеді.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН12	С++ тілінде бағдарламалау, С# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, Mac OS үшін X-Code ортасында бағдарламалау
а) Графикалық кескіндерді құру құралдары мен әдістері	Пән компьютерлік графикада мәліметтер құрылымы мен модельдерін қолдану әдістерін, заманауи графикалық жүйелерді қолдану принциптерін зерттейді; компьютерде графикалық ақпаратты көрсету, өңдеу принциптерін; әр түрлі деңгейдегі графикалық жүйелермен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, Программирование в среде X-Code для Mac OS
б) Ақпараттық жүйелердің интерфейстері	Пән қолданушы интерфейстерін жобалау әдістерін, заманауи компьютерлік жүйелердегі бағдарламалық-аппараттық интерфейстердің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу принциптерін; АЖ талдау, таңдау және пайдалану негіздері туралы зерттейді; ақпараттық жүйелер интерфейстерін жобалау және дамыту үшін негізгі бағдарламалық жасақтама өндірушілерінің ішінен өндірушіні таңдау мүмкіндігін қалыптастырады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, Программирование в среде X-Code для Mac OS
а) Бұлттық технологиялар	Пәнді оқытудың негізгі мақсаттары Интернет-заттардың (IoT) жаңа білімдері мен дағдыларын оқыту, RaspberryPi және Beagle Bone Black Wireless платформаларын үйрену, студенттерде маңызды техникалық міндеттерді қабылдау дағдыларын қалыптастыру, Интернет заттардың (IoT) негізгі тенденциялары мен шарттарын, сондай-ақ әлеуметтік	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН11	Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар, Сараптаушы және	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

	міндеттері мен мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады.			интеллектуалды жүйелер, Робототехника және жасанды интеллект	
б) Интернет заттар технологиясы (IoT)	Пән бұлтты есептеу технологиясының пайда болуы, дамуы және қолданылуы туралы базалық мәліметтерді оқытады, бұлтты есептеу технологиялары туралы теориялық және практикалық білімнің қажетті көлемін, заманауи бизнесте бұлтты технологияларды іс жүзінде жүзеге асыру, бұлтты технологиялардың аспаптық құралдары дағдылары мен біліктерін қалыптастырады,		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН11, ОН12	Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар, Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер, Робототехника және жасанды интеллект	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
а) JavaScript сценарийлер тілі	Пән JavaScript сценарийлер тілінің синтаксисін және оны интернет қосымшаларды бағдарламалауда тиімді қолдануды; JavaScript бағдарламалау тілінің негізгі мүмкіндіктерін және интернет-қосымшаларды бағдарламалаумен байланысты есептерді шешуде осы тілдің практикалық қолданылуын оқытады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, Mac OS үшін X-Code ортасында бағдарламалау	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

б) Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру	Пәннің мақсаты Php веб-қосымшаларын бағдарламалау тілін үйрену, веб-сайттарды жасауға арналған Php тілінің функцияларының үлкен жиынтығын қарастыру, интернет-бағдарламалау саласында теориялық және практикалық білімді бекіту, Php веб-қосымшаларын жасау тілін қолдану білімін меңгеру.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында а бағдарламалау, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, Mac OS үшін X-Code ортасында бағдарламалау	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
а) Ақпараттық жүйелерінің негіздері	Пән ақпараттық жүйелерде ақпаратты берудің теориялық негіздерін, ақпараттық-өлшеу жүйелерін өзара салыстыруды және олардың сипаттамаларын басқару объектісінің сипаттамасымен, негізгі ұғымдар мен анықтамаларды АЖ-мен байланысты анықтауларды білуді қалыптастырады; ақпаратты жинау, беру, өңдеу және сақтау дағдыларын, ақпараттық процесті оңтайландыру мәселелерін шешу дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8	Информатиканың мектеп курсы	Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы, Жүйелік талдаушы
б) Ақпараттық жүйелерді жобалау	Пәнді игерудің мақсаты жобалаудың этаптары мен кезеңдер құрамын және мазмұнын оқып-үйрену, жобалаудың әдістері мен құралдарымен танысу және жобалау жұмыстарын автоматтандыру, жобалаудың экономикалық-математикалық әдістерін меңгеру, деректер қорын құрудың теориялық негіздері, деректермен негізгі операциялар, деректерді іздеу мен өндеуді ұйымдастыру әдістері туралы түсініктерді оқыту болып табылады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Информатиканың мектеп курсы	Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы, Жүйелік талдаушы
а) Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы	Пән деректер қоры мен ақпараттық жүйелер жүйесі саласындағы білім мен іскерлікті, сондай-ақ ақпараттық жүйелердегі деректер қоры моделін әзірлеудің практикалық тәжірибесін қалыптастырады; деректер қоры модельдерінің жіктелуін зерттейді, ақпараттық жүйелерде оңтайландырылған ДББЖ жобалаудың және әзірлеудің практикалық дағдыларын	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық жүйелерінің негіздері, Ақпараттық жүйелерді жобалау	Oracle-да желілік деректер қорын құрастыру, Big Data Management

	қалыптастырады.				
б) Жүйелік талдаушы	Пәнді игерудің мақсаты когнитивтік әдістерге негізделген іскери деректерді талдаудың теориялық негіздерін оқып үйрену, мәліметтерді талдау модельдерін жасау дағдыларын дамыту, кәсіпорында бизнес-аналитикалық бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану, мәліметтерді талдаудың қолданбалы жүйелерін жасау әдістерін үйрету болып табылады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН11	Ақпараттық жүйелерінің негіздері, Ақпараттық жүйелерді жобалау	Oracle-да желілік деректер қорын құрастыру, Big Data Management
а) ІТ-маман	Бұл курстың мақсаты студенттерге экономикалық өмірді басқаруды оның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде басқаруды ұйымдастыру туралы теориялық білім беру, АЖ құруды ұйымдастыруда практикалық дағдыларды қалыптастыру және оларды жүзеге асыру болып табылады; ақпараттық менеджмент бағыттары мен олардың ерекшеліктерін зерттейді, АЖ мен АТ саласында негізгі басқару функцияларын орындаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН11, ОН12	ІТ-да жобаларды басқару , Техникалық қызметкерлерді басқару, Аппараттық-бағдарламалық кешенді сүйемелдеу, қызмет көрсету және дамыту	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) ІТ-менеджмент	Пән АТ - менеджмент туралы ғылыми түсініктерді және білім беру ұйымының ақпараттық жүйелерін басқару бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады, білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып, ат - менеджментінің қазіргі заманғы әдістерін зерделейді және білім беру ұйымының ақпараттық жүйесін басқарудың нақты міндеттерін шешу бойынша практикалық дағдыларды әзірлейді		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8	ІТ-да жобаларды басқару , Техникалық қызметкерлерді басқару, Аппараттық-бағдарламалық кешенді сүйемелдеу, қызмет көрсету және дамыту	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

а) Бағдарламалық қамтаманы құрастыруды басқару	Пән бағдарламалық жасақтама құралдарын құру қағидалары туралы және бағдарламалық құралдарды құрудың заманауи әдістері мен технологияларының ерекшеліктері туралы білімді; бағдарламалық жасақтаманы және бағдарламалық жасақтаманы жасаудың сенімді әдістерін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН9, ОН12	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	IT-маман, IT-менеджмент
б) Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы	Пәнді меңгеру мақсаты - бағдарламалық қамтамасыз етуді стандарттау және метрологияның негізгі әдістерін оқып үйрену, бағдарламалық өнімді тестілеу, дайын бағдарламалық өнімдер мен кешендерді пайдалану және сүйемелдеу әдістері мен тәсілдерін оқып үйрену, өлшеу құралдарының даму тенденциялары мен жай-күйін зерттеу және электрондық сигналдардың сипаттамаларын өлшеудің негізгі әдістерін, олардың дәлдігін бағалау болып табылады.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН10, ОН11, ОН12	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	IT-маман, IT-менеджмент
<b>Профильдік пәндер циклі</b>					
<b>Жоғары оқу орнының компоненті/Таңдау бойынша компоненттер</b>					
Компьютерлік желілер	Пән компьютерлік желілердің мақсаты, құрамы, құру және жұмыс істеу принциптері, компьютерлік желілерді қолданудың тиімділігі көздерін түсіну, қазіргі заманғы компьютерлік желілерді құру принциптері (құрылуы, құрылымы мен сәулеті) және анализі, заманауи компьютерлік желілердің өнімділігі мен сенімділігін есептеуге арналған құрылыс модельдері туралы дағдылар мен білімдерді қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН10, ОН11	Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы	Аппараттық-бағдарламалық кешенді сүйемелдеу, қызмет көрсету және дамыту
Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар	Пән жаңа ақпараттық жүйенің жаңа тұжырымдамалары мен smart-технологияларын, түрлі қызмет салаларында smart-технологияларды қолдануды оқытады; заманауи smart-технологиялар мен smart-құрылғылардың мүмкіндіктерін талдау, ғылыми-зерттеу жобаларын жасау мен әзірлеуде smart-технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН12	Ақпараттық-коммуникациялы қ технологиялар	Бұлттық технологиялар, Интернет заттар технологиясы (IoT), IT-да жобаларды басқару, Техникалық қызметкерлерді басқару

Ақпараттың киберқауіпсіздігі	Пәннің мақсаты студенттердің ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздік туралы жалпы түсініктермен таныстыру және осының негізінде ақпараттық қауіпсіздік технологияларының негізгі ұғымдарын қалыптастыру және қызметтің барлық салаларында киберқауіпсіздік ережелерін қолдана білуді үйрету болып табылады; қорғалған ақпараттық жүйелердің әр түрлі типтерін жасау әдістері мен тәсілдерін оқытады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН9, ОН10, ОН11, ОН12	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер, Робототехника және жасанды интеллект
Аппараттық-бағдарламалық кешенді сүйемелдеу, қызмет көрсету және дамыту	Пән ұйымның ақпараттық инфрақұрылым элементтерін пайдалану тиімділігіне қойылатын талаптарды арттыру жағдайында қолданбалы бағдарламалық өнімдерді бейімдеу және сүйемелдеу процестерін жүзеге асыру ерекшеліктерін оқытады; БҚ үйлесімділігін анықтау, үйлесімділік мәселелерін анықтау және жою үшін әдістерді таңдау, салалық бағыт бойынша орнату және БҚ пайдаланушыларына кеңес беру сияқты практикалық дағдыларды қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН10, ОН11	Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы, Компьютерлік желілер	IT-маман, IT-менеджмент
Параллельді есептеулер	Пәнді игерудің мақсаты үлестірілген немесе жалпы жедел жадымен көппроцессорлық есептеу кешендерінде параллельді есептеулерді ұйымдастырудың негізгі технологияларын оқу болып табылады; параллельді бағдарламалау және деректерді параллель өңдеу негіздері бойынша түсініктерді қалыптастырады, сондай-ақ хабарламаларды тарату интерфейсін пайдалана отырып параллельді бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы, Қолданбалы есептерді модельдеу, Компьютерлік моделдеу негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
а) Бағдарламалау технологиясы	Пән жоғары деңгейлі тілде алгоритмдеу және бағдарламалау, құрылымдық бағдарламалау, бағдарламалау тілдерінің классификациясын зерделеу, кіші бағдарламаларды, стандартты модульдерді, бағдарламалау стилін қолдана отырып, бағдарламаларды жасау әдістерін игеру, бағдарламаларды түзету және тестілеу әдістерін қолдану саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11, ОН12	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері	Бағдарламалық қамтаманы құрастыруды басқару, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы

<p>б) Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері</p>	<p>Пән дербес компьютерлерді құру мен олардың жұмысының ұйымдастырылуының теориялық негіздерін, бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық проблемаларды шешудің заманауи техникалық құралдарын тиімді пайдалану әдістерін оқытады; алгоритмдік ойлауды дамыту; заманауи есептеу құралдарында жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады</p>		<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11, ОН12</p>	<p>С++ тілінде бағдарламалау, С# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері</p>	<p>Бағдарламалық қамтаманы құрастыруды басқару, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы</p>
<p>а) Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру</p>	<p>Пән Android платформасы, Java бағдарламалау тілі мен XML белгілеу тілін қолдана отырып, Android Studio дамыту ортасында мобильді қосымшалардың дамуы туралы теориялық білімді; Android Studio дамыту ортасында интернет қызметтерінің және интернет-дүкендердің мобильді нұсқаларына арналған мобильді бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады</p>	<p>5</p>	<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11</p>	<p>Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Графикалық кескіндерді құру құралдары мен әдістері, Ақпараттық жүйелердің интерфейстері</p>	<p>JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру</p>
<p>б) Mac OS үшін X-Code ортасында бағдарламалау</p>	<p>Пәннің негізгі мақсаттары X-Code визуалды бағдарламалау ортасында Swift және Objective-C бағдарламалау тілдерін оқып үйрену, сонымен қатар Mac OS және iOS операциялық жүйелері үшін бағдарламалау дағдыларын меңгеру болып табылады; Mac OS және iOS операциялық жүйелеріне арналған қосымшалар мен мобильді қосымшаларды бағдарламалау бойынша практикалық тәжірибені қалыптастырады.</p>		<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11</p>	<p>Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Графикалық кескіндерді құру құралдары мен әдістері, Ақпараттық жүйелердің интерфейстері</p>	<p>JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру</p>

а) Oracle-да желілік деректер қорын құрастыру	Пән реляциялық деректердің негізгі ұғымдарын, МББЖ негізгі түсініктерін және Oracle МББЖ арқылы құрылымдалған SQL сұрау тілін оқытады; мәліметтер базасы жүйелері, үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және басқару саласындағы бейін бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы, Big Data Management, Жүйелік талдаушы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Big Data Management	Пән «үлкен деректер» туралы негізгі ұғымдарды, үлкен көлемдегі деректерді басқару, үлкен деректерді қолдана отырып интеллектуалды және Smart-қосымшаларды жасау бойынша білімді; үлкен деректерді басқару, Big Data Management, үлкен деректер құрылымын жобалау және желілік деректер базасын құру саласындағы теориялық және практикалық дағдыларды қалыптастырады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы, Big Data Management, Жүйелік талдаушы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
а) ІТ-да жобаларды басқару	Пән жобаларды жоспарлаудың, бағалаудың және ұйымдастырудың негізгі әдістері, нақты жобалар үшін артефактілерді қолдану және құру туралы білімді; ІТ-жобаларды жоспарлау, бағалау және басқару бойынша практикалық дағдылар және оларды қолдануды қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН11, ОН12	Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар, Бағдарламалық қамтаманы құрастыруды басқару, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы	ІТ-маман, ІТ-менеджмент
б) Техникалық қызметкерлерді басқару	Пән бағдарламалық жасақтама саласындағы мамандарды басқарудың негізгі мәселелерін, жобалардың өмірлік циклін дамытудың негізгі тенденцияларын және қызметкерлерді ынталандыруды зерттейді; жалған бағдарламалық жасақтама жасаушы ұйым үшін зерттеу, талдау және көшбасшылық қабілеттерін қалыптастырады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН11, ОН12	Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар, Бағдарламалық қамтаманы құрастыруды	ІТ-маман, ІТ-менеджмент



				басқару, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы	
а) Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер	Пән мәліметтер базасы жүйесі мен сараптамалық жүйелер, мәліметтерді ұсыну модельдері, мәліметтер базасына тілдік сұраныстар, білімді ұсыну түрлері, сараптамалық жүйелер мен жасанды интеллект негіздерін құру туралы білімді; сараптамалық жүйелерді дамыту бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН9, ОН11, ОН12	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ақпараттың киберқауіпсіздігі	Бұлттық технологиялар, Интернет заттар технологиясы (IoT)
б) Робототехника және жасанды интеллект	Пән нейрондық желілерді құруды үйретеді, тану және кластерлеу әдістерін қолдана білуді қалыптастырады, күйдіру және құмырсқа алгоритмі туралы білім береді; жасанды интеллектпен жұмыста қолданылатын тапсырмалар, әдістер мен тәсілдер туралы жалпы түсініктерді қалыптастырады.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН9, ОН11, ОН12	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ақпараттың киберқауіпсіздігі	Бұлттық технологиялар, Интернет заттар технологиясы (IoT)

### **3 Бітірушілерге біліктілік сипаттамасы**

Бітірушінің негізгі құзыреттіліктері жалпы білім беру, әлеуметтік-этикалық құзыреттеріне, ұйымдастырушылық-басқарушылық және кәсіби құзыреттерге деген талаптар негізінде қалыптасады.

6В06101 – «ІТ бағдарламалау және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры келесідей **жалпы құзыреттерге (ЖҚ)** ие болуы керек:

#### **ЖҚ-1 Тілдер саласында құзырет**

- Ана тілін мінсіз меңгеруі, өзінің ғылыми және кәсіби қызметі бойынша сауатты түсінуі, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынастың күрделі тақырыптарына конструктивті диалог құру дағдыларын игеруі, ағымдағы құжаттаманы құруы, арнайы терминологияға шағымдануы (С2 деңгейде).

- Сауатты түсіндіру үшін шет тілін білу, конструктивті диалог құру, әр түрлі тақырыптарға жан-жақты хабарлау, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, негізгі мәселеге өз көзқарасын баяндай білу, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, ағымдағы құжаттаманы құру (В2 деңгейде).

#### **ЖҚ-2 Компьютерлік құзыреттілік**

- Қазіргі заманғы техникамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: компьютерді және қолданбалы бағдарламаларды іске қосу; құжаттарды сканерлеу және басып шығару; бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңартуларын орнату; вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыс істеу; ақпараттық тасымалдағыштарға жазу.

- Кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана білу: қажетті ақпаратты іздеу, талдау және іріктеуді ұйымдастыру, оны қайта құру, сақтау және тарату; пошта қызметтерімен, іздеу жүйелерімен, порталдармен, веб-сайттармен, мессенджерлермен жұмыс істеу; электрондық каталогтармен, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс істеу.

- Сенімді пайдаланушы деңгейінде қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: MS Word (мәтіндік құжаттармен жұмыс істеу), MS Excel (кестелермен жұмыс істеу), MS PowerPoint (презентация жасау), Paint (графикалық суреттермен жұмыс істеу).

#### **ЖҚ-3 Оқу-танымдық құзыреттілік**

- Оқу-танымдық іс-әрекетті жоспарлау, талдау, рефлексиялау, өзін-өзі бағалау, мақсат қою қабілеті.

- Күнделікті кәсіби қызметке және ары қарай білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді алуға машықтана білу.

- Әр түрлі дерек көздерінен ақпаратты табу, өңдеу және талдай білу.

#### **ЖҚ-4 Әлеуметтік құзыреттілік**

- Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен мемлекеттік жобаланған құжаттарды өз қызметінде қолдануға қабілетті болу.

- Патриотизм, құрмет көрсету, ашық болу қабілеті.

- Қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу.

- Мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті.

- Ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас орната білу, жанжалдарды реттей білу, шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алу қабілеті.

#### **ЖҚ-5 Адамгершілік-этикалық құзыреттілік**

- Мәдениеттің базалық құндылықтарын сақтау, азаматтық пен гуманизмге ие болу.
- Моральдық нормалар мен этикалық ұғымдар негізінде өзінің мінез-құлқын анықтай және бағалай білу.
- Искерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру, адамгершілік таңдау жасау қабілеті.
- Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеті мен дініне деген толеранттылық; басқа мәдениет және дін өкілдерімен өнімді өзара әрекеттесу.
- Ұлттық мәдениет құндылықтарын ұғыну, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге ұқыпты және құрметпен қарау.

#### **ЖҚ-6 Кәсіпкерлік және экономикалық құзыреттіліктер**

- Экономика негіздерін білу, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы түсініктерді меңгеру.
- Инновациялық қызметке, бастамаға және кәсіпкерлікке қабілеттілік.
- Ресурстарға қажеттілікті бағалау және кәсіби қызметте міндеттерді шешу кезінде оларды пайдалануды жоспарлау, қарапайым экономикалық талдау жүргізе білу және экономикалық қызметтің нәтижелерін бағалау қабілеті.

#### **ЖҚ-7 Ұйымдастыру-атқару құзыреттілігі**

- Ұжымның өзіндік қызметі мен қызметін ұйымдастыру және жоспарлау және бақылау дағдыларын, Time Management дағдыларын меңгеру; мақсат қою және оларға қол жеткізу қабілеті; нәтижеге жауапты болу.
- Ұжыммен жұмыс істеу кезінде кәсіби міндеттерді шешудің әр түрлі нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну қабілеті.
- Бастамашылық көрсету және мәселелерді шешу қабілеті; қатысушылардың қызметін ынталандыру, сондай-ақ басшылықтың тапсырмаларын сапалы және жауапты орындау қабілеті.
- Ұжым қызметінің өзгермелі жағдайларына әрекет ете білу және оларды түзету немесе жою бойынша дұрыс шешім қабылдай білу.
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарау.

#### **ЖҚ-8 Коммуникативтік құзыреттілігі**

- Сауатты сөйлеуді, шешендік өнерді, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын (Public Speaking) білу, өз көзқарасын қорғай білу, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Командада жұмыс істей білу, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру, ұжым қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру.
- Қақтығыстарды шешу, келіссөздер жүргізу, ымыраға келу қабілеті.
- Өзіне жауапкершілік алу және шешім қабылдау, бірлескен шешім қабылдауға қатысу қабілеті.

#### **ЖҚ-9 Өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайын болу**

- Жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті, өзгерістерге жауап беру.
- Өмір бойы білім траекториясын құру қабілеті.
- Толыққанды қызмет негізі ретінде салауатты өмір салтына бағдарлану.
- Кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі жағдайларда икемділік пен ұтқырлық таныту.

6B06101 – «IT бағдарламалау және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры келесідей **кәсіби құзыреттерге (КҚ)** ие болу керек:

#### **КҚ-1 Академиялық құзыреттер**

- Негізгі кәсіби түсініктерді, заңдарды және теорияларды меңгеру; оларды үш тілде салыстыра білу: қазақ, орыс және ағылшын.
- Білімін жүйелендіру, құрылымдауға қабілетті болу және оларды әртүрлі тәсілдермен көрсете білу.
- Жүйені теоретикалық-көпше сипаттаудың әдістері, жүйені талдаудың сапалы және сандық әдістері туралы білу.
- Негізгі ақпараттық үрдістер моделдерінің, ақпараттық технологиялардың негізгі тапсырмалары мен мазмұнын білу.

#### **КҚ-2 Зерттеушілік құзыреттер**

- Ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелерін зерттеу және жобалау үшін үлгілеу тілдерін қолдану және олардың ішкі жүйелерін басқару қабілетін меңгеру.
- Сандық және символдық ақпаратты өңдеу тапсырмалары үшін жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдерінде бағдарлама құру, өңдеу, жөндеу, тестілеу және құжаттау қабілетіне ие болу.
- Заманауи операциялық орталар мен деректер қорын басқару орталарында бағдарламалау қабілетін меңгеру.
- Ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелері және сарапшы жүйелердің тапсырмалары шешу үшін сараптамалық құралдарды құру қабілеті.
- Әртүрлі пәндік салаларда есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамаларды құрастыратын, ендіретін және қолданатын мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда жұмыс жасау қабілеті.
- Аппараттық-бағдарламалық кешендерді құруда электрондық схемаларды, микропроцессорлық құралдарды талдау және синтездеу әдіснамасын меңгеру.
- Бағдарламалау, математикалық үлгілеу, талдау және синтездеу облысында біліктілікке ие болу, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету саласында теориялық білім пен практикалық тәжірибесін үнемі жетілдіру қабілетіне ие болу.
- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, ғылыми мақала түрінде сауатты түрінде рәсімдеу.
- Өндіріс саласына эксперименталды-зерттеу жұмыстарының оң нәтижелерін енгізе алу.

#### **КҚ-3 Жүйелендіруші құзыреттер**

- ЭЕМ және оның жеке құрылғыларын, сонымен қатар жүйелер, ЭЕМ кешендері мен желілерін ұйымдастырудың негізгі білімдерін жүйелеу.
- Заманауи бағдарламалау тілдерін, есептеу техникасының құралдары мен бағдарламалауды, ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын, ақпаратты өңдеуде компьютерлік жүйелерінің математикалық, лингвистикалық, ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз етілуін түсіну және қолдану қабілеті.
- Оқу және ғылыми материалдарды жүйелеу, бағдарламалық қамтама құрастырудың тәсілдері, құралдары.

#### **КҚ-4 Жобалау құзыреті**

- Жаңа кәсіпорындарды ұйымдастыруға қатысты арнайы құжаттамаларды әзірлеу (техникалық-экономикалық негіздеме, бизнес-жоспар және т.б.) дайындау, қолданыстағы кәсіпорындарды өнімнің жаңа түрлерін енгізу арқылы техникалық қайта жарақтандыру,

қайта құру және кеңейту, сондай-ақ өндірілген жобалардың стандарттарға мен басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігін бақылауды қабілеті.

- Белгісіздікті ескере отырып, жобалардың тиімділігін бағалау қабілеті.
- Жұмыс процестерін және жұмыс орындарын жобалаудың әдістерін меңгеру, еңбекақы төлеудің және еңбекке ынталандыруды қазіргі заманғы түрлерін жасау қабілеті.
- Басқару шешімдеріне ұсынылған нұсқаларды сыни түрде бағалай білу және оларды әлеуметтік-экономикалық тиімділігін, тәуекелдерін және мүмкін болатын әлеуметтік-экономикалық салдарлары критерийлерін ескере отырып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және негіздеу.

#### **КҚ-5 Бақылаушы құзыреттер**

- Ақпараттық менеджмент саласының білімдерін меңгеру, ақпараттық мониторинг жасау біліктігі мен дағдыларына ие болу, бағдарламалық модульдерді жөндеу жүйелерін құру, бағдарламалық модульдерді қолдану бойынша инструкциялар даярлау, алынған нәтижелерді интерпретациялау, саналы түрде өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауға, әділеттілікке пен объективтілікке ұмтылу.
- Ұйым белгілеген мақсаттар мен міндеттер шеңберінде жұмыс процесін дербес басқару және бақылау қабілеті.

#### **КҚ-6 Бағдарламалық құзыреттер**

- Бағдарламалық өнімді тестілеу және құрастыру деңгейлерін жобалау әдістерін меңгеру.
- Ақпараттық сервистерді (контент-сервистерді) құру және пайдалану үрдістерін меңгеру.
- Ақпараттық жүйелер мен сервистерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету.
- Белгіленген сценарийлер бойынша ақпараттық жүйелердің компоненттерін тестілеуден өткізу.
- Windows, Linux, Android және iOS заманауи операциялық жүйелердегі қосымшалардың функционалдығын қамтамасыз етуші, C++, C#, Java, JavaScript, Python, PHP заманауи бағдарламалық тілдерінде тапсырыс берушінің талаптарына сай бағдарлама жазу.
- Windows, Linux, Android и iOS заманауи операциялық жүйелерінде дайын бағдарламалық өнімдерді тестілеуден өткізу, жинақтау, іске асыру және жүргізе білу.

#### **КҚ-7 Дамушы құзыреттер**

- Кәсіби шеберлігін дамытуға және біліктілігін арттыруға, өзін-өзі дамытуға ұмтылу.
- Математикалық, жаратылыстану және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар саласында жаңа білім үйрену, меңгеру және оларды кәсіби қызметінде қолдана білу қабілеті.
- Кәсіби қызметті іске асыру және білімін магистратурада жалғастыру үшін, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерін дамытуға қажетті жаңа білімді игеру дағдыларын меңгеру.
- Өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну қабілеті, кәсіби қызметін орындауға жоғары мотивациясының болуы.
- Жаңа ақпараттық жүйе саласындағы білімдерді меңгеру, әлемдегі кәсіби жоғары бағдарламалаушылар тәжірибесін зерттеу, оқу, ортақтандыру, тарату және қолдану, кәсіби қызметке жоғары дәлелдемелерге ие болу, өзіндік білім алу және өзіндік танымға талпыну.
- Табиғаттың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылықтарын білу және осы білімді кәсіби қызметте қолдана алу; әлеуметтік маңызы бар құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді талдай және бағалай алу; сандық талдаудың және моделдеудің, теориялық және эксперименттік зерттеулердің негізгі әдістерін меңгеру.

### **КҚ-8 Креативтік құзыреттер**

- Шығармашылық қызметтің теория негідерін, шығармашылық психология саласында білімдерді меңгеру, дағды мен білімнің көмегімен кәсіби қызметті қайта құра білу; ақпараттық жүйелер саласында авторлық новаторлық ойлар түзу, стандартты емес және альтернативті шешімдер таба білу, жаңа ойлар генерациясына, ойлауға дайын болу.

- Мәселені қалыптастыру, оны шығармашылық тұрғыдан шеше білу, шығармашылық қабілеттерін дамытудағы әдістерді меңгеру, жинақталған тәжірибені шығармашылық түрде пайдалану және жаңа әдістерді жасау қабілеті.

- Шығармашылық тапсырмаларға қызығушылық таныту, ұсынылған стандартты схема бойынша жұмыс жасаумен шектелмеу.

- Шығармашылық мәселелерді шешуде жоғары ынтасы бар болу, бар білімді шығармашылық түрде пайдалану қабілеті, басқару процесінің өзге қатысушыларының шығармашылық қызметін ұйымдастыру.

### **КҚ-9 Ұйымдастырушылық-әдістемелік құзыреттер**

- IT технология саласында нормативті және құқықтық құжаттарды білуді меңгеру, дағды мен білім көмегімен бағдарламалық өнім мен жүйенің ағымдық техникалық құжаттамасын құрастыру, ұйымдастырушылық қабілетке ие болу, жоғары атқарушылық тәртіп көрсету.

- Қазақстанның құқық жүйесі және заңнамасының негіздерін білу.

- Оқу және еңбек қызметінің құрамы мен ұйымдастырудың заманауи талаптарына сай жеке кәсіби қызметтерді жоспарлау.

- Ұйымдастыру дағдыларын меңгеру, жоғары орындаушылық тәртіпті көрсету.

- Жобаларды құрастыру барысында топтық ынтымақтастық ұйымдастыра білу.

### **КҚ-10 Сараптамалық-аналитикалық құзыреттер**

- Талдамалық орталықтардың, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін қамтамасыз ету үшін ақпаратпен жұмыс істей білу.

- Статистикалық материалды талдау қабілеті, күтілетін нәтижелерді болжау қабілеті.

- Мәселелерді анықтау және талдау, қорытындылар жасау және ақпаратпен сауатты жұмыс істеу қабілеті.

### **КҚ-11 Қалыптастырушы (кәсіби) құзыреттер**

- Жүйелік және салыстырмалы талдау әдістерін меңгеру.

- Сыни ойлауды қалыптастыру.

- Жобалау және болжамдау дағдыларына ие болу.

- Оқу, өмір бойын біліктілігін арттыру қабілеті.

- Топпен жұмыс жасау қабілеті.

- Жеке қасиеттерді қалыптастыру: тәуелсіздік, жауапкершілік, ұйымдастырушылық, мақсат қою және т.б.

## **4 Кәсіби қызмет мазмұны**

6B06101 – «Проектирование и управление IT» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіби қызметтің келесідей түрлерін атқара алады:

- жобалық-конструкторлық (жобалық-конструкторлық қызмет барысын жоспарлайды, алгоритмдер мен бағдарламаларды әзірлейді);

- өндірістік-технологиялық (ұйымның ақпараттық жүйесін және деректер қорын басқарады және әкімшілендіреді);
- ұйымдастыру-атқарушылық (жұмыс үрдісін ұйымдастырады және қызметкерлерді, жоба мен әзірлеуді басқарады);
- эксплуатациялық (әртүрлі саладағы ақпараттық жүйелерді сынақтан өткізеді және қолданысқа береді);
- сарапшы-аналитикалық (Big Data-да үлкен деректердің талдауын жүргізеді, қажетті ақпаратты жинақтайды, белгісіздік жағдайында үрдістердің күтілетін нәтижелерін болжамдайды).

## **5 Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру**

6B06101 – «IT бағдарламалау және басқару» білім беру бағдарламасының бітірушілері төмендегідей әртүрлі аймақтардағы есептеуіш техника мен бағдарламалық қамтаманы құрастыратын, пайдаланатын және ендіретін мемлекеттік және жекеменшік ұйымдар мен кәсіпорындарға жұмысқа орналасу үшін жақсы мүмкіндіктерге ие:

- өндірісте автоматты басқару жүйелерін құрастыру, ендіру және эксплуатация жасау;
- ғылыми және білім беру саласында ақпараттық-іздеуші жүйелерді құрастыру, ендіру және эксплуатация жасау;
- денсаулық сақтау саласында сараптаушы және интеллектуалды жүйелерді құру, ендіру және эксплуатация жасау;
- кіші және орта бизнесте ақпараттық басқару жүйелерін құрастыру, ендіру және эксплуатация жасау;
- мемлекеттік басқару органдарында ақпараттық-ұйымдастырушы жүйелерді құрастыру, ендіру және эксплуатация жасау;
- әр түрлі сала, сала және меншік нысанындағы ұйымдардың экономикалық, қаржылық, маркетингтік, өндірістік-экономикалық және аналитикалық қызметтері.

6B06101 – «IT бағдарламалау және басқару» білім беру бағдарламасының бітірушілері ақпараттық технологиялар саласында, есептеу, аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді өндіруге мамандандырылған ұйымдарда, өндірістің ішкі процестеріне ақпараттық жүйелер мен компьютерлік желілерді қолдана отырып, барлық типтегі кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс істей алады.

## 6 Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша оқыту нәтижелері

### 6.1 Білім беру бағдарламасының модульдерін оқыту нәтижесімен дескрипторларды ұштастыру матрицасы

Модуль атауы	Құзыреттер	Пән атауы	Оқыту нәтижелері
<b>I. Жалпы модульдері</b>			
